

Үштөбе ауылдық округіндегі "Возрождение XXI век" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 39/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қарашада № 4030 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бұқар жырау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекеме басшысының 2016 жылғы 9 қарашадағы № 06-3-02-33/532 ұсынысының негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құс (қаздар) арасынан сальмонеллезді жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитарлы іс-шараларды жүргізумен байланысты, Үштөбе ауылдық округіндегі "Возрождение XXI век" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 10 қазандағы № 34/01 "Үштөбе ауылдық округіндегі "Возрождение XXI век" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3987 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қазандағы № 41 (1179) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айғаным Жолшоровна Акпановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Р. Нурмуханбетов